

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 қазандағы N 1216 Жарлығын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қарашадағы N 1207 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Оралмандардың 2004 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" 2003 жылғы 31 қазандағы N 1216 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Өзінің тарихи отанына мемлекеттің қаржылай қолдауынсыз орала алмайтын ұлты қазақ адамдарды ұйымдасқан түрде көшіріп алу жүзеге асырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп:

1) 2004 жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген қаражат шегінде көшіп келу квотасына енгізілген оралмандарды қабылдауды, жайластыруды және орналастырылған жерлерде олардың бейімделуі үшін жағдайды қамтамасыз етсін;

2) екі апта мерзімде өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып, оралмандарды орналастыру схемасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

3) осы қаулының 1 тармағынан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігімен бірлесіп:

1) дипломатиялық арналар арқылы тиісті мемлекеттердің үкіметтеріне оралмандардың шығуы мен транзиттік жүріп өтуі және шығатын мемлекеттердің шекаралары арқылы өтуі кезінде оларға жәрдем көрсету мәселелері жөнінде өтініш ж а с а с ы н ;

2) шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өзінің тарихи отанына оралуға тілек білдірген отандастарымыздың азаматтық және мүліктік құқықтарын қорғауға байланысты мәселелерді пысықтасын.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі 2004 жылға арналған республикалық бюджетте оны ұстауға көзделген қаражат шегінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп өтетін жолында және орналастырылатын жерлерде оралмандардың жеке басының және мүлкінің қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі мүдделі орталық атқарушы органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне 2005 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде осы қаулының орындалуы туралы есепті табыс етсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен басып күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК